

**ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МҚҚ «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы»  
ММ**

**Ұжым жиналышының хаттамасы № 4**

Талдықорған қ.

«14» мамыр 2025 жыл

Талдықорған қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 57 (3 қабат)  
**ТАҚЫРЫБЫ:**

«Жетісу облысы бойынша денсаулық сақтау басқармасына «Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Жетісу облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті» РММ-нің Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 200 бабына сәйкес жолданған ұсынуын қарастыру жөнінде».

**ҚАТЫСҚАНДАР:**

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МҚҚ-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) директордың міндетін атқарушы, бас есепші, Кәсіпорының есепшілері, есеп - айырысу бөлімшениң қызметкерлері, комплаенс қызметкери.

**ТЫНДАЛДЫ:**

**Комплаенс офицері М.Жасузаков:**

«Жетісу облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментімен аяқталған және өнідірстегі (ұсыну жіберу кезіндегі жағдайда) қылмыстық істер бойынша Жетісу облысындағы Денсаулық сақтау басқармасына қарасты ауруханалардың қаржылық қызметіне қатысты талдау жүргізілді.

Талдау нәтижесімен Жетісу облысының ауруханалары қызметкерлерімен мемлекет қаражатына аса ірі көлемде тұрақты және жүйелі түрде жымқыру, талан-таражға салуға бағытталған бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталған болатын.

Атап айтқанда, 18.06.2024 жылы Кербұлақ аудандық сотының үкімімен «Кербұлақ ауданының орталық ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ-нің есеп-айырысу үстелінің есепшісі аз-ша Л.А. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 190- бабы 4 бөлігі 2 тармағымен кінәлі деп табылып, оған қатысты 5 жыл шартты түрде бас бостандығын айыру жазасы қолданылған.

Бұдан білек, Жетісу облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментімен жоғарыда аталған аурухананың есеп-айырысу үстелінің есепшісі Л.А. және А.Т. қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 189- бабы 4 бөлігі 2 тармағымен қылмыстық іс тергелуде. Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің аудиторлық

есептері бойынша 01.01.2021-01.11.2024 жылдары ауруханың 48 қызметкеріне жалпы сомасы 63978200 теңге заңсыз аударылған.


Тергеп-тексеру барысында, есепшілер Л.А. және А.Т. жеке бастарына мүліктік пайда алу мақсатында 3 жыл көлемінде аурухананың қызметкерлеріне жүйелі түрде заңсыз қаражаттар аударып, қызметкерлер арқылы өздерінің жеке банктік есеп шоттарына жіберіп және қолма – қол алып отырғандығы анықталған.

Сонымен қатар, Жетісу облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің өндірісінде «Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасы» ШЖҚ МҚК-ның Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 189-бабы 4 бөлігі 2 тармағымен қылмыстық іс тергелуде. Тергеп-тексеру барысында қолма-қол аванстық есепке алу құжаты (подотчет) 3 қызметкермен алынбағандығы, яғни жалған құжаттар жасау арқылы 38 664 776 теңгенің жымқырылғандығы анықталып отыр.

КР ҚПК-нің 200 бабына сәйкес – сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін мән – жайларды анықтай отырып, тиісті мемлекеттік органдарга, ұйымдарға немесе онда басқарушылық функцияларды орындаған адамдарға (қызметкерлерге) осы мән-жайларды немесе басқа да заң бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар қолдану туралы ұсыну енгізуге құқылы.


Жоғарғының негізінде, ұсыну бойынша қарастырылған медициналық ұйымдарда анықталған бұзушылықтар мен қылмыстық әрекеттер Кәсіпорын жұмыс барысында, әсіресе есеп-айырмасу бойынша заңдылық пен әділеттілік қағидаттарын қамтамасыз ете отырып, бұзушылықтардың орын алудына жол берілмесін деген оймен атқарылып жатқан іс-шара».

Комплаенс офицер

 М.Жасузаков

Танысты:

Директордың м.а. :



Ю. Эккель